



ЕҢ БАСТЫСЫ - ӨЗ ПЕДАГОГТАРЫМЕН БАЙЛАНЫС
ӘРБІР ПЕДАГОГ БАРЛЫҚ ОҚУШЫСЫН ОҚЫТУМЕН ҚАМТИТЫН БОЛАДЫ
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ФОРМАТЫ КЕЗЕҢІНДЕ ҰСЫНЫЛАДЫ:

- Балаға оқу және мұғаліммен байланыс үшін жағдай жасау
- Баланы өз бетінше жұмыс істеуге үйрету
- Қашықтықтан оқытудың бала үшін ең қолайлы жолдарын пайдалану
- Баламен бірге қашықтық сабақтардың, соның ішінде ТВ-сабақтардың кестесімен танысу
- Қашықтық сабақтардың уақытылы қаралуын және үй тапсырмаларының уақытылы орындалуын бақылау
- Балаңыздың оқу күні қалай өткенін сұраңыз
- Педагогтармен байланыста болу
- Баланың Сізге жаңа нәрселерді үйретуіне мүмкіндік беру және оны сол үшін мақтау



**ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ФОРМАТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ
ЕТУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР**





DISTANCE LEARNING



EDU NEWS



№1 Ұсыныс

Балаға қамқорлық - ортақ міндет

Құрметті ата-аналар!

Балалардың құқықтарын қамтамасыз ету және қазақстандық отбасыларда коронавирустық инфекцияны жұқтыру және тарату қаупін төмендету үшін төтенше жағдай енгізілген кезеңде балаларға арнап күн сайынғы күн тәртібін әзірлеуді ұсынамыз.

Күн тәртібіне таңертеңгі гимнастика, кітап оқу, пайдалы телебағдарламалар мен сүйікті кинофильмдерді көру, үйде көмегін көрсету, шығармашылық және қолөнермен айналысу, интеллектуалдық ойындарды пайдалану кіреді.

Баланың бос уақытын оны дамыту үшін пайдаланыңыз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті





Балаға қамқорлық - ортақ міндет

«Еңбек - қуаныш, жалқаулық арылмас азап» А. Құнанбайұлы

Ата-аналарға пайдалы кеңестер!

Құрметті ата-аналар!

Сіздер, балаларыңыздың жасы мен күш-қуат мүмкіндіктерін ескере отырып, олар үшін күн тәртібін құрастырған кезде:

1. Таңғы жаттығуды ұмытпаңыз.
2. Балалардың гаджеттерді пайдалану уақытын шектеңіз.
3. Күнделікті ылғалды үй жинауға баланың қатысуын ұйымдастырыңыз.
4. Оларды қолөнерге баулыңыз.
5. Оқуға кітаптарды бірге таңдаңыз. Өлеңдер жаттаңыздар!
6. Үй поштасын ашып, бір-біріңізге мейрімді хаттар жазыңыздар.
7. «Терезе алдындағы бақшаны» өсіріңіз немесе бар үй өсімдіктерді бірге күтіңіз.
8. Балаларға көңілді комикстер салуды ұсыныңыздар.
9. Балалармен бірге тамақ дайындаңыз.
10. Таза ауада абай болыңыздар, жеке қорғану құралдары мен әдістері жөнінде ұмытпаңыз.
11. Міндетті түрде уақытында ұйықтаңыздар.

Ал сіздер балаларыңыздың күн тәртібіне қандай пайдалы және қызықты нәрселерді еңгіздіңіздер, бөлісіңіз!





№2 Ұсыныс

Балаға қамқорлық - ортақ міндет

Құрметті ата-аналар!

«Оқу дегенің – саяхат»

**Білім беру web - платформаларына кіруді ұсынамыз www.oriq.kz,
www.bilimland.kz, www.daryn.online**

Баланың бос уақытын оны дамыту үшін пайдаланыңыз.

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті*

